



astana hub

Astana Hub қатысушылары үшін берілетін салықтық преференциялар:

МАҢЫЗДЫ! Astana Hub қатысушылары қызметтің басым түрлерінен табыстың кемінде 90% алуы тиіс!

- Корпоративтік табыс салығы- ҚР СК 738-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы. Сондай-ақ, ҚР СК 82-тарауының 1-параграфымен (ҚР СК 739-741-баптары) танысу қажет.
- ТЖҚ (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) – ҚР СК 738-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшалары.
- Белгілі бір тауарлардың импортына ҚҚС-ҚР СК 738-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы.
- Бейрезиденттен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша ҚҚС-ҚР СК 738-бабының 3-тармағы.
- Astana Hub қатысушысы қызметкерінің табыстарынан алынатын жеке табыс салығы-ҚР СК 738-бабының 4-тармағы.
- Әлеуметтік салық-ҚР СК 738-бабының 1-тармағының 5) тармақшасы, шетелдік қызметкер үшін әлеуметтік салықты төлеуден босатуға мүмкіндік береді.
- Бейрезиденттің жекелеген қызметтер бойынша ҚР-дағы көзден табысы-ҚР СК 681-бабының 11) тармақшасы.
- Бейрезиденттің роялти түріндегі табысы - ҚР СК 681-бабының 13-тармақшасы.
- Құн өсімінен түскен табыс-ҚР СК 682-бабының 3-тармағы.
- Бейрезиденттерге арналған дивидендтер (тұрақты мекемелерден басқа) – ҚР СК 682 - бабының 3-тармағына сәйкес 5% мөлшерлеме бойынша салық салу;

ҚР СК - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ кодексі (Салық кодексі)

2026 жылы Astana Hub қатысушысы қызметкерінің жалақысына салық салу кестесі

		Жалпы салық салу	Astana Hub қатысушысы		
		ҚР-дағы қолданыстағы мөлшерлемелер	ҚР резиденті қызметкерлер	ЕАЭО елдерінен шетелдік қызметкерлер	Басқа елдерден шетелдік қызметкерлер / қашықтан жұмыс істейтіндер
		39,5%-44,5%	29,5%	23,5%	0%
Қызметкердің жалақысынан ұсталады	Міндетті зейнетақы жарналары	10%	10%	10%	-
	Қызметкер табысынан жеке табыс салығы	10-15%	0%	0%	0%
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар	2%	2%	2%	-
	Әлеуметтік аударымдар	5%	5%	5%	-
Жұмыс беруші төлейді	Әлеуметтік салық	6%	6%	0%	0%
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	3%	3%	3%	-
	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары	3,5%	3,5%	3,5%	-